«Бекітемін»
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
меңгерушісі А.М.Жанекешова

Қаралды:
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

# Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қазан айына арналған циклограммасы

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

**Топ:** Кіші «Бөбек» тобы
**Балалардың жасы:** 2 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі :** 29.09– 03.10.2025ж

Қаралды:
Әдіскер: Сагизбаева Ж.Ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Күй күмбірі – ұлттық өнерді құрметтеуге үйрету.* | *Күй күмбірі – туған жерді сүюге жетелеу* | *Күй күмбірі – әдеп пен мейірімге баулу.* | *Күй күмбірі – ұлттық мақтаныш сезімін ояту.* | *Күй күмбірі – ата-баба мұрасын қастерлеуге баулу* |
| | *Баланы есімімен атап, жылы қарсы алу. Қолынан ұстап, топқа ертіп кіру. Жұмсақ ойыншық беріп, көңілін бөлу. Ата-анасына қысқа ғана жылы сөз айту.* | *Баланы күлімсіреп қарсы алу. «Сәлем, балақай!» деп қысқа амандасу. Баланы үстел үсті қарапайым ойындарға (кубик, пирамидка) бағыттау. Анасымен жылы қоштасуға жағдай жасау.* | *Баланы есікте қуыршақпен қарсы алу. Баланың көңіл-күйін бақылау. «Қош келдің, Айша!» деп есімін атап айту. Қуыршақ бұрышына немесе кілемшеге ойнауға тарту.* | *Баланы сабырлы үнмен қарсы алу. «Бүгін біз ойын ойнаймыз» деп мотивация беру. Достарына жақындастыру, бірге ойнауға бағыттау. Ата-анасына қысқаша жылы қоштасу сөзі.* | *Баланы есімімен атап қарсы алу. Баланы сурет бояуға немесе үстел үсті ойынға бағыттау. Аптаның соңында «сен батыл болдың» деп қолдау білдіру.* |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | *Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.* | | | | |
| | ***Әңгімелесу: Табиғатқа қамқорлық – тәрбие негізі*** *Кеңес: Балаңызға гүлге су құюды, қоқысты қоқыс жәшігіне тастауды үйретіңіз.* | ***Әңгімелесу: Үйді таза ұстау – жақсы әдет*** *Кеңес: Балаңызға ойыншықтарын орнына жинауды көрсетіп, бірге жасаңыз.* | ***Әңгімелесу: Тазалық – денсаулық кепілі*** *Кеңес: Балаңызды қолды жуып, беті-қолын сүртуге дағдыландырыңыз.* | ***Әңгімелесу: Жануарларға мейірім*** *Кеңес: Мысық пен күшікті жақсы көруге, оларды ұрмауға үйретіңіз.* | ***Әңгімелесу: Достық пен бөлісу*** *Кеңес: Ойыншықты досына немесе бауырына беруді үйретіп, бөліссең қуанышты болатынын түсіндіріңіз.* |
| Балалардың іс-әрекеті(ойын, танымдық, коммуникатив тік, шығарма шылық, экспериментал | ***Картотека №11 Дидойын: «Заттысипаттау» Мақсаты:****Заттарды көріп сипаттау арқылы қоршаған орта жайлы өз ойын айту.* | ***Картотека № 12 Дидойын: «Затты сипаттау» Мақсаты:****Түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіру* | ***Картотека № 16 Дидойын: «Үй жануарлары» Мақсаты:****Үй жануарларын атау, олардың төлдерін сурет арқылы топтастыру* | ***Картотека №15 Дидойын: «Заттысипаттау» Танып ал да, атыната*** *Мақсаты: заттыңтүр-түсін, пішінін, атынатау* | ***Картотека № 18 Дидойын: «Затты сипаттау» «Құстар біздің досымыз» Мақсаты:*** *Балала рсуреттер арқылы құстар туралы, құстарға* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | | | | | *қамқорлықпен қарауды түсінеді.* |
| | ***Коммуникативтікдағдылардыдамытукартотекасынан*** | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | *Қазанайының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қазан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қазанайының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қазанайының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қазанайының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | | |
| Таңғы ас | *Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту* | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, су ішсек шөлміз қанады, ас жесек күш аламыз. Ас құрамында дәрумен бар, ол бізді мықты қылады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Суды төкпейміз, орнымыздан жүгірмейміз. Ас ішкенде тыныш отырамыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Сүт сүйегімізді қатайтады, ет күш береді, жеміс пен көкөніс дәруменге толы. Дәрумендер бізді сау қылады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Жемістерді жуып барып жейміз. Ас үстінде ойнамаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Тамақты да, суды да төкпейміз. Сонда бәріне жетеді, біз де ұқыпты боламыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қолымызды сермемейміз, ыдысты төңкермейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішсек ойнаймыз, жүгіре аламыз. Дәрумендер бізді сергек етеді. Сондықтан асты төкпей жеген дұрыс.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Асымызды асықпай шайнаймыз, қақалып қалмау үшін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Су да, ас та – денсаулыққа пайдалы. Дәрумендер бізді мықты қылады. Асты да, суды да қадірлейік.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыдысты абайлап ұстаймыз. Ас ішіп болған соң орнымыздан жай тұрамыз.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | ***«Шабыт» жобасы***<br>***Ойын: «Арман қанаты»***<br>*Тәрбиеші: «Қане, бәріміз құстай ұшайық! Егер сенде қанат болса, қайда ұшар едің?» дейді.*<br>*Балалар: «Анашымның қасына», «Орманға», «Күнге».*<br>*Мақсаты: қиялды дамыту, ойын еркін айтуға үйрету.* | ***«Смарт бала» жобасы***<br>***Ойын: «Суретті тап»***<br>*Тәрбиеші үш сурет көрсетеді: алма, банан, орындық. «Жемісті көрсет!» дейді.*<br>*Балалар дұрыс суретті таңдайды.*<br>*Мақсаты: ойлау қабілетін, есте сақтауды дамыту.* | ***«Ұшқыр ой алаңы» жобасы***<br>***Ойын: «Жалғастыр»***<br>*Тәрбиеші: «Күн шықса...»*<br>*Балалар: «Жарық болады!»*<br>*Мақсаты: ойды байланыстырып айтуға үйрету.* | ***«Балалар кітапханасы» жобасы***<br>***Ойын: «Кітапты табайық»***<br>*Тәрбиеші сөреге кітаптар қояды. «Қызыл кітап қайда?» дейді.*<br>*Балалар қызыл түсті кітапты көрсетеді.*<br>*Мақсаты: кітапқа қызықтыру, түсті ажырату.* | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы***<br>***Ойын: «Дастархан жаямыз»***<br>*Тәрбиеші дастархан суретін салып, қасық, тәрелке ойыншықтарын береді.*<br>*Балалар оны ретімен қояды.*<br>*Мақсаты: еңбекті бағалау, ұқыптылыққа тәрбиелеу.* |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | *Қамқор жобасы бағытында -Экологиялық мәдениетті қалыптастыру , «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бпғытында – еңбекке баулу.* | | | | |
| | ***Ғажайып сәт***<br>*Не деген тамаша! Біздің топқа себет толы көкөністерді сыйға беріп* | ***Ғажайыпсәт.***<br>*Балалар бүгін бізге Қоян қонаққакелді.*<br>*Балалардан көмексұрайды..* | ***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Көмекші апайдың «Сиқырлы қорап» тауып алғанын айтады.* | ***Саяхатқа шығу.***<br>*Балабақшаның қасында өсетін ағаштарды, ауа-райы бақылау.* | ***Тосынсәт.***<br>*Қуыршық Сәуле келеді. Балалармен амандасады. Балаларға сиқырлы қалта* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жіберіпті.*<br>***Ой дамыту***<br>*Көкөністер туралы түсінік беру.*<br>*Көкөністерге нелер жатады?*<br>*Біз қазір ненің суреттерін көріп тұрмыз?*<br>*Осы көкөністер бізге не береді?*<br>*Себеттегі көкөністерді атап шығайықшы.*<br>*Қияр, сәбіз, қызанақ, пияз, картоп – көкөністер деп атаймыз.*<br>*Көкөністер қайда өседі екен?*<br>*Көкөністердің құрамында қажетті дәрумендер өте көп. Көкөністердің бірі – қияр мен қызанақ.*<br>***Сенсорика***<br>*Қиярдың түсі қандай?*<br>*Пішіні сопақша, түкті болып келеді.*<br>*Қызанақтың түсі қандай?*<br>*Қызанақ – қызыл түсті, пішіні дөңгелек.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Көкөністі көп жейміз,*<br>*Дәрумені көп дейміз.*<br>*Кел, бәріміз бір жүріп,*<br>*Көкөністі тереміз.*<br>***ІІІ.Себеттүбінен хат тауыпалу.***<br>***Бағыбанатаданжіберереген.***<br>***Хаттаыоқу.***<br>*Құрметтібүлдіршіндер*<br>*Мен сіздерге хат жазыпотырғансебебім мен жаздаеккенкөкөністерімді* | *Қоян: балалар мен орманда серуендеп жүр едім, менің себетімдегі сүйікті асым сәбіздерім түсіп қалған. Енді менің көжектерім аш қалды. Маған сүйікті асымыз сәбіз керек.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар қоянның сүйікті асы не? .*<br>*-Балалар қоянға көмектесеміз бе?*<br>*Қане орнымыздан тұрайық, қоян шаршап қалған секілді қоянмен бірге сергіп, алайық.*<br>***Сергітусәті.***<br>*Ұзын құлақ, сұрқоян*<br>*Естіп қалып сыбдырды*<br>*Ойлы, қырлыжерлермен*<br>*Ытқып, ытқыпжүгірді.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Ендеше қалай көмектесеміз?*<br>*Балалар қоянға сәбіз коп керек. Сол үшін 2 топқа бөлініп сәбіз жасап берейік.*<br>***Үлкен-кіші сәбіздер арқылы топқа бөлу.***<br>***Үлгі көрсету түсіндіру.***<br>***Сенсорика***<br>*Оларға сәбіз жасап беру үшін, алдымен мына менің қолымдағы сәбізге қарайық. Сәбіздің түсі қызғылт сары болады. Сәбіздің бас жағы үшкір, сопақша келеді. Және ұзынша келген жапырақтары бар екен.*<br>*Сәбіз қандай пішінге ұқсайды?*<br>*Шығармашылық бұрыш.*<br>***Дид ойын: «Қоянға көмек»*** | *Қане балалар бәріміз бірге қорапта не бар екенін көрейікші.*<br>*Ішінен хат шығады.*<br>***Хатты оқу****.Сөйлемді дамыту.*<br>*Ерден атайдан келіпті.*<br>*Ерден атай ертегі еліндегі ертекші атай гой балалар. Атай бізге бұл қорапта шалқан ертегісінің ертегі кейіпкерлерінің бейнелері бар.Сол айтып үйреніңдер депті.*<br>***Ой дамыту.*** *Үстел үсті театрын пайдалана отырып, «Шалқан» ертегні айтып беру.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар қандай кейіпкерлерді естеріңде сақтай алдыңдар*<br>*-Шалқан қайда өседі?*<br>*-Атай көмекке кімді шақырады?*<br>*-Әжей кімді шақырады?*<br>*-Немере қыз кімді шақырады?*<br>*-Күшік кімді шақырады?*<br>*-Мысық кімді шақырады?*<br>*-Сонымен, бәрі бірігіп не істейді?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Дид ойын.***<br>*Үнтаспадан дыбыстарын ажырату.(аф-аф, мяу, шиқ-шиқ.)*<br>***Ертегі желісін шығармашылық ортады қорыту.***<br>***Балаларды топқа бөлу.*** | ***Ой қозғау.***<br>*-Ағаш жапырақтарының түсі қандай?*<br>*-Ағашжапырақтарыкүзде не істейді?*<br>*-Күзде не жауады?*<br>*Балалардымадақтау.*<br>***Аққайың ағашынбақылау.***<br>*Жапырақтарыныңтүсіқан дай?*<br>*Ағаштажапырақтаркөп пе, аз ба?*<br>*Жапырақтарқайдажатыр ?* ***Ой дамыту.***<br>*Қайыңныңдіңіақболады, жапырақтарысопақшабол ады.*<br>***Сергітусәті.***<br>*Тербеледіағаштар,*<br>*Желбетінееседі.*<br>*Кіп-кішкентайағаштар,*<br>*Үлкенболыпөседі.*<br>***Дидойын: «Кішкенесуретшілер»***<br>***1-топ:*** *А3 форматтаАққайыңдықұра стыру.*<br>***2-топ:***<br>*Жергетүсіпжапырақтарж апсыру.*<br>***3-Топ:*** *Қайтып бара жатқанқұстардыермексаз данжағуарқылымүсіндеу.*<br>***3-топ:*** *Күзгібұлттыбояу.*<br>***Топтықжұмыстакүзкөрін існ беру.***<br>*-Алтын, сары, қызыл, көк*<br>*Алуан-алуанжапырақ*<br>*Күзгібақтакүлімдеп,*<br>*Көзтартадыатырап.*<br>*КүзмезгіліндеҚандайерекш* | *әкеледі.*<br>***Дидойын: «Сиқырлы қалта»***<br>*Мақсаты: Балалардың сипап сезу, тану қабілеттерін арттыру.*<br>*Қандай жеміс екенін айтады.*<br>***Сергітусәті.*** *Алма баққа барайық*<br>*Алма теріп алайық*<br>*Ең үлкенін дәмдісін*<br>*Анамызға сыйлайық*<br>***Дидойын:*** *«Жемістерді жинау»*<br>*Мақсаты: Көкөністер ішінен жемістерді жинау.*<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>***1-топ: А3 форматта бақ пен бақшаны құрастыру.***<br>***2-Топ: Бақта өсетін жемістерді бояу***<br>***3-топ: Бақшада өсетін көкөністерді жапсыру****.*<br>*Сәуле қуыршақ балалармен қоштасып кетеді.*<br>***Саусақ ойын.***<br>***Орамжапырақ***<br>*Орамжапырақты аламыз (саусақтарын сәл бүгіп, беттестіреді)*<br>*Пышақпенен тураймыз (қолдың қырымен турайды)*<br>*Оны қатты қысып ап, (қолдарын сәл бүгіп, қысады)*<br>*Дәміне қарай тұздаймыз. (тұз себеді)*<br>*Суын әбден сығамыз (жұдырықты ашып, жұмады)* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жинаугаүлгірмейжатырм ын. Бақшамдағықияр мен қызанақтарымдыжинауғак өмектесесіңдер ме ? Мен сіздердікүтемін.<br>**Бағбанатағакөмек.**<br>**Шығармашылықбұрыш**<br>**Балалардытопқабөлу.**<br>**1-топ.** Қиярдыбояйды<br>**2-топ.** Қиылғандайын Қызанақтыжапсыру.<br>**Қоршаған орта**<br>**«Дүкен» ойыны.**<br>Балаларменқимаматериалд ардықолданып, сұрақ-жауапәдісіарқылыдиалог құру. Жидектер, жемістер, көгөністердіңатауынқайт алау, естесақтау.Санамақпенса тушынытаңдайды. Баладүкенгекеледі. Сәлеметсізбе! Сәлеметсізбе! Мағанқиярқарақатберіңізш і. Алыңыз. Дүкеншімен қоштасу. Қортынды. | **1-Топ .Үлкен сәбізді жапсыру.**<br>**2-топ: Кіші сәбізді мүсіндеу.**<br>**3-Топ: Үлкен-кіші сәбізді бояу.**<br>**4-Топ: Көжектер құрастыру.**<br>Жасаған жұмыстарын қоянға сыйлықтарын беру. Қоянменқоштасу<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Кіріспе бөлім. Амандасу.**<br>Топ-топ аяқпенен жүреміз<br>Соқ-соқ шапалақ,<br>Күшік келеді абалап,<br>Тығылайық жүгіріп,<br>Күшік кетті таба алмай<br>Шеңберге тұр балақай.<br>**Негізгі бөлім**<br>**Жалпы даму жаттығулары.**<br>**Б.қ.: «Көбелек қонды»**<br>**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /4рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Қайшы»**<br>**2.**Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау. /6 рет қайталау./<br>**«Үлкен- кіші»**<br>**3**. Аяқты алшақ қоямыз, қолды жанымызда, отырамыз «кіші» деп айту, тұру «үлкен» деп айту. / 4рет қайталау/<br>**«Доп қашты»**<br>**4.** Аяқтарын біріктіру. Орнында секіру. /10-15секунд/ | **1-Топ:** Шалқанды мүсіндеу.<br>**2-топ:** Шалқанннның жапырағын жапсыру.<br>**3-Топ:** Шалқанды бояу.<br>**4-топ:** Ертегі кейіпкерлерін құрастырып, ретімен қоя білу.<br>**Сенсорика.**<br>Шалқанннның пішіні қандай? Шалқанның түсі қандай? Жапырағының түсі қандай? Шалқан жоғарыда өсе ме, төменде өсе ме?<br>Жасаған жұмысты сиқырлы қорапқа салып, Ерден атайға беріп жіберу<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Кіріспе бөлім. Амандасу**<br>Орманға біз барамыз<br>Жай жүріске саламыз (жүру)<br>Қолды созып талдарға<br>Жапырақтар аламыз<br>Қоян көрдік секірген,<br>Түлкі көрдік жүгірген,<br>Бақшамызға қайтайық<br>Орманнан шығып жайменен.<br>**Негізгі бөлім. Жалпы даму жаттығулары.**<br>**Сылдырмақпен**<br>**I -Бастапқы қалып:** аяқты бірге, қол төменде.<br>1 – қолды жоғары көтеру.<br>2 – оңға, 3 – солға сылдырлату,<br>4 – бастапқы қалып. 3-4 рет қайталау.<br>**II – Бастапқы қалып:** аяқтың арасы ашық, қол төменде. 1-отыру, 2- | еліктерболады?<br>Құстар неге жылыжаққаұшыпбарады? Жапырақтар неге түсіпжатыр? Күнқандайболыптұр? Балалардымадақтау.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Кіріспе бөлім. Амандасу.**<br>Топ-топ аяқпенен жүреміз<br>Соқ-соқ шапалақ,<br>Күшік келеді абалап,<br>Тығылайық жүгіріп,<br>Күшік кетті таба алмай<br>Шеңберге тұр балақай.<br>**Негізгі бөлім**<br>**Жалпы даму жаттығулары.**<br>**Б.қ.: «Көбелек қонды»**<br>**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /4рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Қайшы»**<br>**2.**Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау. /6 рет қайталау./<br>**«Үлкен- кіші»**<br>**3**. Аяқты алшақ қоямыз, қолды жанымызда, отырамыз «кіші» деп айту, тұру «үлкен» деп айту. / 4рет қайталау/<br>**«Доп қашты»**<br>**4.** Аяқтарын біріктіру. Орнында секіру. /10-15секунд/ | **Тосын сәт**<br>Аю келеді.<br>Балалармен амандасады.<br>Балалардан көмек сұрайды.<br>Құлпынай теруге көмек керек екенін айтады.<br>– Балалар, аюға көмектесеміз бе?<br>**Қоршаған орта**<br>**Дид. ойын:** «Көкөністер мен жемістерді ажырат»<br>Көкөністер қайда өседі?<br>Жемістер қайда өседі?<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Қолды оңға созамыз,<br>Қолды солға созамыз.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>Саусақтарымыз дем алады.<br>**Шығармашылық орталық**<br>Мүсіндеудің әдіс–тәсілдерін көрсету.<br>– Балалар, мынау қызыл түсті еремексаз.<br>– Қандай түс?<br>– Жарайсыңдар.<br>– Осы еремексазды шымшып бөліп аламыз, алақанымызға салып домалатамыз. (көрсету)<br>Балалармен жеке жұмыс жүргізу.<br>Жасалған құлпынайды аюға ұсынады.<br>Аю рақмет айтып, қоштасады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***Тыныс алу жаттығулары:*** *шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш).*<br>*Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>***Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:***<br>*Белгіленген жерге дейін еңбектейді.*<br>***Қим ойын: Картотека №6 «Сұр қоян жуынады»***<br>*Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.*<br>***Қортынды.*** | *сылдырмақты тізеге ұру, 3 – шыдырлату, 4- қалыпқа оралу. 4 – 5 рет қайталау.*<br>***III – Бастапқы қалып:*** *аяқтың арасы ашық, қол жанында 1 – 2 алға қарай сермеу, 3 – 4 артқа қарай сермеу. 4 – 5 рет қайталау.*<br>***IV — Бастапқы қалып:*** *аяқтың арасы ашық, қол төменде.1- қолды созу, 2- аяқты ұшына тигізу, 3- бастапқы қалыпқа оралу. 4 – 5 рет қайталау.*<br>***V — Бастапқы қалып:*** *аяқты бірге қойып. Қояндарша қос аяқтап секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Ботқа пысты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>*«пы-х, пы-х ,пы-х» деп айту.*<br>*Қатармен және шеңбер бойлап сылдырмақты сылдырлатып жүру,*<br>***Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:***<br>*Еденде жатқан лентадан аттап өте алады.*<br>***Қим ойын: Картотека №7 «Қайда жасырылғанын тап»***<br>*Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу*<br>*Қортынды..* | ***Тыныс алу жаттығулары:*** *шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш).*<br>*Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>***Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:***<br>*Белгіленген жерге дейін еңбектейді.*<br>***Қим ойын: Картотека №6 «Сұр қоян жуынады»***<br>*Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.*<br>***Қортынды.*** | |
| Серуенге дайындық | *Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.*<br>*Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* |
| Серуен | ***Картотека № 17*** *«Күз мезгілінде құстардыңтіршілігінбақылау»* | ***Картотека № 21*** *Ауа-райынбақылау.* | ***Картотека № 22*** *Күзгіжапырақтардыбақылау.* | ***Картотека № 23*** *Күндібақылау.* | ***Картотека № 24*** *Күзгікөріністібақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Күз серуен картотекасынан*** | | | | |
| Серуеннен оралу | *«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.* | | | | |
| | *Балаларға реттіліктпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстау.* | *Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін үйрету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу* | *Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту* | *Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру.жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.* | *Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету.*<br>*Түскі асқа дайындық.* |
| Түскі ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну* | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Асымызды ішіп болған соң «Рахмет!» дейміз. Бұл – әдепті баланың белгісі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішіп болған соң ыдысты абайлап қоямыз, жүгірмейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас пен су – денсаулығымызға керек. Дәрумендер бізді мықты қылады. Денсаулығымыз болса, ойнап-күле аламыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыстық асты үрлеп ішеміз, күйіп қалмау үшін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Тамақты өзімізге жететіндей ғана аламыз. Артық қалдырсақ, ысырап болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қолымызды созып, көршіміздің ыдысына тимейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішіп отырғанда ойнамаймыз, шуламаймыз. Тәртіп сақтасақ, бәрімізге жақсы болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ауызда ас тұрғанда сөйлеспейміз, қақалып қалмау үшін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Су да, ас та – бізге берілген сый. Оны төкпей ұстайық, тауысып жейік. Сонда бәріміздің денсаулығымыз жақсы болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыдысты дұрыс ұстаймыз. Ас ішіп болған соң жай тұрамыз.* |
| Күндізгі ұйқы | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.* | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.* | *Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | *Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | ***№14. 1.Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | ***№16 1.Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар* | ***№15. 1.Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.*<br>*Еңкейеміз еденге,*<br>*арқамызды тік ұстап,*<br>*Бір демалып алайық.* | ***№13. 1.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,*<br>*Жаттығуды жасайық.* | ***№ 12. 1. Ояну***<br>*Күнге қарап күлімдеп*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Бойды түзе, көтер басты*<br>*Сергіп ұйқы ашамыз* |
| | *Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.*<br>*«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.*<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесін ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.* | *Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.* | *Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.* | *Аста столда дұрыс отыру, досатрына кедергі жасамау.Тамақт ан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.* | *Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | ***Қимылды ойын: Менің зымыраған көңілді добым.***<br>*Ойнаушы балалар тобы (5-6 адам) жартылай дөңгелек құрып, тәрбиешінің жанында тұрады. Допты бейнелейтін бір бала орнында тұрып секіреді, ал тәрбиеші алақанын оның басына қойып, мынадай өлең айтады.*<br>***Көңілді добым, о , менің,***<br>***Домалап қайда жөнелдің?***<br>***Қызыл, сары, көгілдір,***<br>***Жел аяқсың-ау өзің бір!***<br>*Бұдан кейін доп қашып кетеді, тәрбиеші балалармен бірге оны ұстайды. Ойын жаңа доппен қайта басталады. Балалар ойынды әбден үйреніп игергенде, бәріне де доп сияқты секіруді ұсынуға болады.* | ***«Мен алманы жақсы көремін» (Д.Қиқымов)***<br>***Мақсаты:*** *Ән салу, музыкалық ырғақты қимылдарды қайталау дағдыларын бекіту*<br>***«Жемістер жыры»***<br>***Алма***<br>*Нарттай қызыл алмам бар,*<br>*Мәз болады алғандар.*<br>*Жазда әдемі киінем,*<br>*Тілді балдай үйірем.*<br>***Өрік***<br>*Уылжыған өрікпін,*<br>*Бау-бақшаға көрікпін.*<br>*Қара деген атым бар,*<br>*Менен де дәм татыңдар.*<br>***«Ұйқасын тап»***<br>*Іші толған шәрбат*<br>*Дәмі қандай әйбат*<br>*Үзесің бірден жүзін*<br>***Оның аты-...(жүзім)***<br>*Дөп-дөңгелек сары*<br>*Ішінде бар дәні*<br>*Қызығасың көрін*<br>***Оның аты-...(өрік*** | ***Қим ойын: Кішкене қоян, шыға гой...***<br>*Бір топ бала тәрбиешімен бірге дөңгелене тұра қалады. Тәрбиеші кім кішкене қоян болады деп сұрайды. Бәрі айналып жүріп мынадай өлең айтады.*<br>***Жүр, көжегім, шыға гой,***<br>***Сүр көжегім, шыға гой!***<br>***Айтқанымды ұға гой.***<br>***Міне, былай шыға гой!***<br>*Кішкене деп атаған бала ортаға шығады. Өлеңнің ендігі шумағын айтып болғаннан кейін, барлық ойнаушылар, қоянға не істеу қажеттігін көрсеткендей, тиісті қимылдар жасайды. Ол да балалардыңістегенқимылдары нқайталайды.* | ***Тосын сәт.***<br>***Айгүл қырщақ келеді.***<br>*Амандасу. Балалардан көмек сұрайды. Дәрігердің жазған қағазын жоғал-тып алдым,онда пайдалы дәрумендер туралы жазған еді,енді сендерден көмек сұрап келдім.Маған пайдалы дәрумендер неде бар екенің айтып беріңдерші?*<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*Сонымен дәрумендерді қайдан аламыз?*<br>*-Жемістер мен көкөністерден аламыз.*<br>*- Айгүлге көмектесу үшін не істейміз?*<br>*Жоғалтып алған дәрумендерінің атын атап берейік.*<br>*Алма*<br>*Банан*<br>*Алмұрт*<br>*Жүзім* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Бір сабақта көп түйме*<br>*Жей алмайсың көк күйде*<br>*Санап қара қанша*<br>***Оның аты-...(шие)***<br>*Бұтақта ілініп тұрамын,*<br>*Піскенде себетке*<br>*құладым.(Жеміс)*<br>***Жұмбақ мағынасын түсіндіру.*** | | ***Сергіту сәті. (Айгүлмен бірге сергіту жасайық)***<br>*Алма баққа барайық, (орында тұрып ,жүру)*<br>*Алма теріп алайық, ( алма теру қимылын жасайды)*<br>*Қол жетпесе алмаға (оң қолды көтеріп секіру)*<br>*Секіріп қол созайық (Екі қолды көтеріп секіру)* | |
| Балалармен жеке жұмыс | ***Мансур мен Исмаил***<br>***«Зат неге ұқсайды?»***<br>***Мақсаты:*** *Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.* | ***Кәусар мен Ахат***<br>***Түрлі түсті жолақшалар.***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды ұзын – қысқа , түрлі – түсті жолақшаларды ажырата білуге үйрету.* | ***Ерасыл***<br>***«Кілтті тап»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды түстерді , геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету, көру , ойлау қабілеттерін арттыру.* | ***Азиза***<br>***«Қажет суретті тап»***<br>***Ойынның мақсаты:***<br>*Үлкен және кіш ұғымдарын түсіндіру. Үлкен-кіші заттарды топтауға үйрету.* | ***Таир***<br>***«Көжекті жасыр»***<br>***Мақсаты:*** *Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету.* |
| Серуенге дайындық | *«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.*<br>*Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | ***Киім:*** *Киімін киіп болған соң түймесін қадауға көмектесу.*<br>***Қауіпсіздік:*** *Далада абайлап жүруді түсіндіру.* | ***Киім:*** *Балаларға бас киімін дұрыс киюді еске салу.*<br>***Қауіпсіздік:*** *Серуен кезінде тәрбиешінің қасында жүруді үйрету.* | ***Киім:*** *Жеңін дұрыс киюге, күртесін жерге тастамауға үйрету.*<br>***Қауіпсіздік:*** *Бір-бірін итермеу, досына қамқор болу* | ***Киім:*** *Аяқ киімді киіп болған соң ұқыпты жүре білуге баулу.*<br>***Қауіпсіздік:*** *Шалшыққа түспеу, ластанбауды үйрету.* | ***Киім:*** *Киімін кию кезінде сабырлы күтуге, кезекпен киінуге дағдыландыру.*<br>***Қауіпсіздік:*** *Серуенде тәртіп сақтап, қатармен жүруді бекіту* |
| Серуен | ***Картотека № 17***<br>*«Күзгіқұстардыңтіршілігінбақылау»* | ***Картотека № 21***<br>*Ауа-райынбақылау.* | ***Картотека № 22***<br>*Күзгіжапырақтардыбақылау.* | ***Картотека № 23***<br>*Күндібақылау.* | ***Картотека № 24***<br>*Күзгікөріністібақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.* | | | | |
| | *Бүгін балалар қолдарын бояуға малып сурет салды. Шығармашылық қабілетін көрсетті.*<br>*Үйде саусақпен сурет салуға жағдай жасаңыз.* | *Бүгін балалар жануарлардың дауысын салып ойнады. Қиялы мен еліктеу қабілетін дамытты.*<br>*Үйде «мысық қалай дыбыстайды?» ойынын ойнау пайдалы.* | *Бүгін балалар қуыршақпен ойнады.*<br>*Әлеуметтік қарым-қатынасқа үйренді.*<br>*Үйде қуыршаққа киім кигізу немесе тамақ беру ойынын ойнауға болады* | *Бүгін балалар қимылды ойын ойнады (жүгіру, секіру). Қозғалыс белсенділігін дамытты.*<br>*Үйде «қоян секірсін», «құстай ұшсын» ойынын ойнауға болады.* | *Бүгін балалар суреттерден жемістерді таныды. Оларды атауға және ажыратуға үйренді.*<br>*Үйде жемістерді көрсете отырып, атын қайталау пайдалы.* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

**Топ:** Кіші «Бөбек» тобы
**Балалардың жасы:** 2 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі :**06.10– 10.10.2025ж

Қаралды:
Әдіскер: Сагизбаева Ж.Ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Күй күмбірі – ұлттық мақтаныш сезімін ояту.* | *Күй күмбірі – туған жерді сүюге жетелеу.* | *Күй күмбірі – ұлттық болмысты құрметтеуге үйрету* | *Күй күмбірі – ұлттық құндылықты құрметтеуге үйрету.* | *Күй күмбірі – ұлттық мәдениетті құрметтеу.* |
| | *Баланы есіктен кіргенде жылы күлімсіреп қарсы алу.*<br>*Қолынан ұстап, «Қош келдің, балақай!» деп айту.*<br>*Баланы музыка әуенімен қимыл ойынына тарту.*<br>*Ата-анасына қысқаша жылы қоштасу сөзі.* | *Баланы қуыршақ театры кейіпкерімен қарсы алу.*<br>*«Сәлем!» деп қуыршақпен амандасу.*<br>*Баланы кілемшеге отырғызып, шағын топ ойындарына қосу.*<br>*Баланың көңіл-күйін бақылау.* | *Баланы есімімен атап қарсы алу.*<br>*Баланы құм немесе сенсорлық ойыншықтармен ойнауға тарту.*<br>*Ата-анасына жылы қоштасу ұйымдастыру.* | *Баланы есік алдында құшақтап қарсы алу.*<br>*«Кел, бірге ойнайық» деп сенім беру.*<br>*Баланы үстел үсті пішіндер мен түстерді сәйкестендіруге бағыттау.* | *Баланы көңілді қимыл ойынымен қарсы алу*<br>*«Жарайсың, сен батылсың» деп сенімділік беру.*<br>*Баланы доппен немесе қарапайым қимыл ойынына тарту.*<br>*Апта қорытындысында «сен бүгін жақсы ойнадың» деп мақтау.* |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | *Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы, тәрбиесі туралы кеңес беру.* | | | | |
| | ***Әңгімелесу: Денесаулығы – ең басты байлық***<br>*Кеңес: Балаңызды күнде таза ауаға шығарып, серуендетіңіз. Серуен кезінде «Таза ауа – денсаулыққа пайдалы» деп түсіндіріңіз.* | ***Әңгімелесу: Үнемшілдікке үйре ту***<br>*Кеңес: Су мен нанды төгіп-шашпау керегін айтыңыз. «Нанды жерге тастамау керек, ол – қасиетті ас» деп көрсетіңіз.* | ***Әңгімелесу: Қауіпсіздік – әрқашан маңызды***<br>*Кеңес: Ыстық пешке, қайнаған шәйнекке жақындауға болмайтынын түсіндіріп, «Ыстық – күйіп қаласың» деген сөзді қайталатыңыз.* | ***Әңгімелесу: Ізеттілік – жақсы әдет***<br>*Кеңес: Балаңызға «Сәлем», «Рахмет», «Өтінемін» деген сөздерді үйретіп, күнделікті қолдануға дағдыландырыңыз.* | ***Әңгімелесу: Табиғатты қорғау – болашаққа қамқорлық***<br>*Кеңес: Серуен кезінде жердегі қағазды, бөтелкені көрсеңіз, қоқыс жәшігіне тастауды көрсетіңіз. «Табиғатты таза ұстасақ, бәрімізге жақсы» деп айтыңыз.* |
| Балалардың іс-әрекеті(ойын, танымдық, коммуникатив тік, шығарма шылық, | ***«Қоянға көмектес.»***<br>***Ойын мақсаты****:*<br>*Заттарды пішініне қарай ажырата алады.*<br>***Ойын шарты****: Балалар бізге қонаққа қоян келді, ол* | ***Тақпақ үйрету***<br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Кел, санайық екеуміз.*<br>*Бас бармағым – атам,*<br>*Балан үйрек – апам,*<br>*Ортан терек – әкем,* | ***«Үйжануарлары»***<br>***Ойынмақсаты****: Үй жануарларының дене мүшелерін атау.*<br>***Ойыншарты****: Дөңгелене отырып, ғажайып* | ***«Жаңғақтармен ойын»***<br>***Ойын мақсаты:***<br>*Балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып,* | ***Дидактикалық ойын: «Ұяшыққа орналастыр»***<br>***Мақсаты:*** *екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыруға үйренеді.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| эксперименттал дық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары) | *бізбен бірге ойнағысы келеді. Балалар көздеріңді жұмыңдар, ал қоян бұл кезде көкөністердің қасына текшелер қояды. Балаларкөздерінашқандақандайтекшетұрғанынайтып берулерің керек.* | *Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде – бесеуміз.* | *қалтадан үй жануарларын алып, алған жануардың дене мүшелерін атау, олар туралы мейірімді сөздер айту.Балалар малдың төлдері қандай? (әдемі, сүйкімді.) Қалай еркелетеміз? (ботақан, қошақан.) Төлдер қалай ойнайды. (секіреді, жүгіреді.)* | *айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.* | |
| Ертеңгілік жаттығу | *Қазан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қазан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қазан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қазан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қазан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | | |
| Таңғы ас | *Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту* | | | | |
| | *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.* | *Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | *Таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.* | *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.* | *Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | ***«Қамқор» жобасы*** ***Ойын: «Жылаған қуыршақ»*** *Тәрбиеші: қуыршақты қолына алып, жылайды. «Қуыршақ жылап қалды, не істейміз?» дейді. Балалар қуыршақты жұбатады: құшақтайды, сипайды, «Жылама» дейді.* ***Мақсаты:*** *жанашырлық пен қамқорлық сезімін* | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы*** ***Ойын: «Кір жуған аю»*** *Тәрбиеші: «Аю кір жууға кірісті, кәне бәріміз бірге жууға көмектесейік» дейді. Балалар қолдарымен жуу, сығу, ілу қимылдарын жасайды.* ***Мақсаты:*** *еңбектің қуанышын көрсету, еңбекке еліктету.* | ***«Смарт бала» жобасы*** ***Ойын: «Сиқырлы қапшық»*** *🎯 Қапшыққа бірнеше зат салынады (доп, қасық, машина). Бір бала қолын салып, затты ұстап көреді. «Бұл не?» деп табуға тырысады. Басқалары затты атайды.* ***Мақсаты:*** *ойлау, есте сақтау, жанасу арқылы тануды дамыту.* | ***«Балалар кітапханасы» жобасы*** ***Ойын: «Ертегі қонағы»*** *Тәрбиеші: қоян маскасын киіп: «Мен кіммін?» дейді. Балалар: «Қоян!» деп жауап береді. «Қай ертегіден келдім?» – балалар әртүрлі ертегіні атайды.* ***Мақсаты:*** *ертегі кейіпкерлерін ажырата* | ***«Шабыт» жобасы*** ***Ойын: «Сиқырлы айна»*** *Тәрбиеші: «Мен айнамын, сендер маған қимыл көрсетесіңдер, мен қайталаймын». Балалар бір қимыл жасайды (секіреді, қол сермейді). Тәрбиеші айна сияқты қайталайды. Кейін рөл ауысады.* ***Мақсаты:*** *қиялды,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *дамыту.* | | | *білу, есте сақтауды дамыту.* | *шығармашылықты дамыту, өзін еркін көрсетуге үйрету.* |
| Кестеге сәйкес ҮІӘ | *«Қамқор» жобасы аясында «Біз табиғат қорғаушылармыз!» - экологиялық мәдениет қалыптастыру мақсатында,танымдық, эксперименталдық іс-әрекет.* | | | | |
| | ***Тосын сәт***<br>*Педагог топқа көкөністер мен жемістер себетін әкеледі.*<br>***Ой қозғау***<br>*«Мен бақшада егін жинадым. Айтыңдаршы, балалар, енді мен онымен не істеуім керек?»*<br>*(Тамақ жеу, компот, сорпа, джем пісіру).*<br>*Педагог көже мен тосап пісіруді ұсынады.*<br>***Сұрақтар:***<br>*– «Сорпаға не аламыз?» (қызылша, пияз, картоп).*<br>***Тәжірибе №1***<br>*Қолыңызға қызылша кесектерін алыңыз.*<br>*– Олар қандай түсті? (қатты, қызыл).*<br>*– Қолдарыңда не қалды? (қолдар қызылға айналады).*<br>*«Қызылшаның түсі тағы қандай болуы мүмкін екенін тексерейік.*<br>*Қағаз парағына бір бөлікті қойыңыз.*<br>*– Не болды? (із қалды).*<br>*Матаның бір бөлігінде не болады? (дақ қалады).*<br>*– Қызылша сорпасы қандай болады? (қызыл түсті).*<br>*– Қызылша заттарға дақ түсіруі мүмкін».*<br>***Тәжірибе №2*** | ***Сюжеттік суреттер қарау.***<br>***Дид ойын: «Бақтағы егін жинау»***<br>*Шарты: кептірілген жемістер, консервіленген және жаңа піскен жемістер салынған табақтар, жеміс компоттары бар стақандарды мұқият қарапшығу.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар жемістер мен көкөністердің айырмашылығы неде екенін сұрау.*<br>*Адамның оларды тағы қалай жейтінін және не үшін екенін сұрау.*<br>***Тәжірибе №1.***<br>*Педагог балалармен бірге кептірілген және консервіленген жемістерді тексеріп дәм татады, компот ішеді.*<br>*Педагог бұл өнімдердің қалай ерекшеленетінін салыстырады және қорытынды жасайды.*<br>*Балалар әртүрлі тәсілдермен пісірілген бір жемісті табуға, айырмашылығын дәмін татуға үйренеді.*<br>***Қорытынды. Адамдар қыста жемістерді әртүрлі тәсілдермен жинау идеясын ойлап тапты: кептіру,*** | ***Қызығушылықты ояту***<br>*Балалар, бізге пошташы хат тастап кетіпті.*<br>*«Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сенің ақылды, ұшқыр, көп білгің келетінін білемін, сондықтан мен сендерді зертханама шақырып, бір қызық айтқым келеді. Не жайлы екенін білгің келсе, маған тезірек сиқырлы кілеммен ұшып келіңдер.*<br>*Бұл хатты жазған – «Бақша ғылымдары» кафедрасының профессоры».*<br>*– Балалар, қандай жұмбақ хат! Қызық, «Бақша ғылымдарының» профессоры бізге не туралы айтқысы келеді? Біз оған қонаққа ұшамыз ба?*<br>***Балалар:***<br>*– Иә, ұшайық!*<br>*Енді кілемге отырыңдар, көзіңізді жұмып, ұшып бара жатқаныңызды елестетіңіз.*<br><br>***Тосын сәт***<br>*Осы кезде тыныш музыка естіледі, педагог басына ақ халат, көзілдірік, асқабақ түріндегі қалпақ киіп, профессорға айналады.* | ***Достық шеңбері***<br>*Мен сенің досыңмын, ал сен менің досымсың.*<br>*Бірге қол ұстасайық*<br>*Және бір-біріңізге күліңіз!*<br>*Бүгін біз ертегі еліне қонаққа барамыз (ертегі көрсету – презентация).*<br>*Қане, көзімізді жұмамыз.*<br>*1, 2, 3 – ертегіге көш.*<br>***АКТ технологиясы***<br>*Шапалақ.*<br>*Ертегі көрсетілім.*<br>*Ертеде Әже мен Әтеш орман шетіндегі шағын лашықта тұрды.*<br>*Әжесі әтешке бұршақтан бұршақты сұрыптап, бұршақты жуу тапсырманы орындауды тапсырды.*<br>*Әтеш бірден тапсырманы орындауға шешім қабылдады. Бірақ оған досы келді, олар ойнай бастады, ал әтеш тапсырманы ұмытып кетті. Досы ойнап болып кетіп қалды.*<br>*(Әтеш дауысы естіледі)*<br>***Тәрбиеші:***<br>*– Балалар, қалай ойлайсыңдар, әтеш неге айғайлап жатыр? Әжей әтешке қандай тапсырма берді?* | ***Қызығушылықты ояту***<br>*Педагог топқа сөмке әкеледі.*<br>*– «Балалар, сендерге бара жатып мен сөмке тауып алдым. Және ол бос емес. Онда не бар екенін бірге көрейік».*<br>***Ой қозғау***<br>*Педагог сөмкеден қиыршық тастарды алып, балалармен бірге қарайды.*<br>*Сұрақтар:*<br>*– «Барлық қиыршық тастар бірдей ме?» (жоқ).*<br>*– «Олар қалай ерекшеленеді?» (түсі, пішіні, өлшемі).*<br>*– «Олар қандай сезімде?» (тегіс).*<br>*– «Қандай жерлерде қиыршық тастарды көп көруге болады?» (аквариум, құмсалғышта, жолдарда).*<br>***Дид.и ойын: «Үлкен–кіші тастар»***<br>***Шарты:*** *тастарды үлкен және кіші қиыршық тастар деп бөлу.*<br>***Менің сүйікті бұрышым.***<br>***Ертегі бұрышы***<br>*Ертеде бір көлдің жағасында кішкентай тас болды. Су бетінде қалқып тұрған әдемі лалагүлдерге қарап:*<br>*– «Олар қандай бақытты, олар қайықтай жүзіп жүр. Менің де жүзгім келеді», – деді тас. Сәлден соң бір бала көл* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Балаларға реттіліқпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.* | *Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу* | *Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту* | *Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру. жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.* | *Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Түскі асқа дайындық.* |
| Түскі ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну* | | | | |
| | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.* | *Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.* | *Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.* | *Тамақт ан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.* | *Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* |
| Күндізгі ұйқы | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.* | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.* | *Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | *Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау* |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | ***№1. Ояну***<br>*Қандай ғажап керемет,*<br>*Әсем есік ашылды.*<br>*Түрлі - түсті бояулар,* | ***№2. Ояну***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық* | ***№3 Ояну***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Қолмен көзді ұқалап* | ***№4. Ояну***<br>*Көзіміз ашылды*<br>*Ұйқымыз басылды*<br>*Дем алдық ұйықтадық* | ***№5. Ояну***<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар*<br>*Шапалақты ұрайық* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Аспанда жайылып шашылды Ұйқымшайдайашылды* | *Бір күлімдеп алайық.* | *Созылыпбіралайық.* | *Шаттаныпойнайық.* | *Орнымыздан тұрайық.* |
| | *Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.*<br>*«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.*<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесін ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.* | *Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.* | *Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.* | *Аста столда дұрыс отыру, досатрына кедергі жасамауТамакт ан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.* | *Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | *«Smart bala» жобасы «Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам негізінде.* | | | | |
| | ***Пішіндермен жұмыс. Геометриялық пішіндерді ата*** *(Үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек ). Балалар пішіндердің атын атап, түсін айтады.*<br>***«Жол салу» дидактикалық ойыны.***<br>*Балаларға жолақша-жолдар, үйлер және машиналардың суреті бар суреттер үлестіріп беріледі.*<br>*- Жолдардың қайсысы ұзын*<br>*- Жолақшалардың ұзындығын бір-бірінің үстіне қою арқылы білеміз*<br>*-Ұзын жолды көк үйге қоямыз, ал қысқа жолды қызыл үйге қоямыз*<br>*-Машина қай жолмен үйге тез жетеді?*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.*** | ***Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Жемістер топтау.*<br>*-Алманың түсі, пішіні*<br>*-Бананның түсі, пішін*<br>*-Алманың тағы қандай түстері бар?*<br>*-Алмұрттың түсі қандай?*<br>*-Апельсин қандай?*<br>*-Түстерімен топтастырып жинау.*<br>*-Сары түтерді сары себетке*<br>*-Жасыл түстерді жасыл себетке*<br>*-Қызыл түстерді қызыл себетке жинаймыз*<br>***Мнемокесте арқылы өлең жолдарын жаттау.***<br>***Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар»***<br>*Алтын, сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ,*<br>*Күзгі бақта күлімдеп.*<br>*Көз тартады жалбырап* | ***Денсаулық бұрышы***<br>*Спорт – көркі өмірдің,*<br>*Спорт- досың, серігің.*<br>*Жаттықсаң шымыр боларсың,*<br>*Шынығып, өсіп, толарсың*<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>*1.Қолды алға созып, шапалақ соғу, бастапқы қалыпқа қайту*<br>*2.Б.қ. аяқты алшақтатып, қолды алға созып, отыру.*<br>*3.Еңкею, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, қолды арқаға ұстау, бастапқы қалыпқа қайту*<br>*4аяқ сәл алшақтатылған, қол белде. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*«Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту. Мұрынмен дем алып,* | ***Итке үйшік жасаймыз. Тосын сәт.***<br>***Дауыс (аудио)***<br>***Есік қағылып ит келеді (жұмсақ ойыншы)***<br>*ол өзімен бірге әртүрлі түсті текшелер ала келеді және онымен үйшік жасауға көмектесуді ұсынады.*<br>***ІІІ. Ой дамыту.***<br>*-Ит алып келген текшелердің түсін, пішішин сұрау.*<br>*Үйшік жасау үшін қай текшеден бастаймыз*<br>*Балалардың жұмысы. Бақылау.*<br>*Итке үйшікті сыйлау. Ит балаларға рақмет айтып қоштасу.*<br>***Дид ойын«Телефон»***<br>***Шарты:****естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізу.* | ***Денсаулық бұрышы***<br>*Біз бақытты баламыз,*<br>*Шынығада аламыз*<br>*Сәулетті елдің көгінде*<br>*Шамшырақ болып жанамыз*<br>***Доппен жаттығу.***<br>*1.Екі қолмен допты ұстап,алға созу.*<br>*2.Б.Қ.Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру.*<br>*3.Б.Қ отыру.Допты қос қолмен ұстап,аяққа тигізу.*<br>*4.Б.Қ.Допты ұстап секіру.*<br>*5.Тыныс алу.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.***<br>*1. Құрсаудан құрсауға секіре алады.*<br>***Қимылды ойын: «Мені қуып жетіңдер»***<br>***Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»***<br>*Шарты: Күз мезгілі туралы суреттерге сөйлем құрау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке лақтыру.*<br>***Қимылды ойын:****«Күн мен түн»* | | *ауыздан демді шығару.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*- Обручтан, обручқа секіру.*<br>***Қимылды ойын:*** *«Қояндар мен қасқыр* | | |
| Балалармен жеке жұмыс | ***Аяна мен Мұса***<br>***«Таныс пішіндер доминосы»***<br>***Мақсаты:*** *Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту,*<br>*көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру* | ***Нұрмұхаммед***<br>***«Түрлі түсті моншақтарды тізу»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету* | ***Нұрислам мен Азиза***<br>***«Балықты ұста»***<br>***Мақсаты:*** *балаларға заттың түсін дұрыс ажыратып, атай білуге үйрету.* | ***Исмаил***<br>***« Жұбын тап»***<br>***Мақсаты:*** *геометриялық пішін-дерді ажыратуға, салыстыруға жат-тықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.* | ***Қозайым мен Мариям***<br>***«Не жоқ?»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.* |
| Серуенге дайындық | *«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.*<br>*Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары.*<br>*Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* |
| Серуен | ***Картотека №3***<br>*Балабақша ауласындағы құстарды бақылау* | ***Картотека №4***<br>*Күз мезгілінде желді бақылау* | ***Картотека №6***<br>*Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау* | ***Картотека № 7***<br>*Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау* | ***Картотека № 11***<br>*Бақылау: Бұлтты бақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.* | | | | |
| | *Бүгін балалар суреттерден жануарларды таныды.*<br>*Әр жануардың даусына еліктеп ойнады.*<br>*Үйде жануарлар туралы кітап оқып, бірге дыбыстарын салып көру қызықты болады.* | *Бүгін балалар топпен бірге шағын ойын ойнады.*<br>*Бір-бірімен ынтымақтастыққа үйренді.*<br>*Үйде отбасы мүшелерімен бірге қарапайым үстел ойындарын ойнауға болады.* | *Бүгін балалар тақырыптық суреттерді қарап, әңгіме құрастырды.*<br>*Ойларын жеткізуге және сөйлеуге талпынды.*<br>*Үйде балаға суреттер көрсетіп, «Бұл не істеп жатыр?» деп сұрасаңыздар пайдалы.* | *Бүгін балалар қимылды жаттығулар жасады.*<br>*Қимыл-қозғалысын дамытты.*<br>*Үйде балаңызбен бірге секіру, қол шапалақтау, еңкею сияқты жаттығулар жасаңыз.* | *Бүгін балалар шағын сахналық көрініс ойнады.*<br>*Өзін еркін ұстауға, сөйлеу қабілетін дамытуға тырысты.*<br>*Үйде шағын рөлдік ойындар ұйымдастыру пайдалы болады.* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

**Топ:** Кіші «Бөбек» тобы
**Балалардың жасы:** 2 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі :** 27.10 – 31.10.2025ж

Қаралды:
Әдіскер: Сагизбаева Ж.Ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Күй күмбірі – баланың ой-өрісін кеңейту.* | *Күй күмбірі –тіл мен дәстүрге құрмет қалыптастырады.* | *Күй күмбірі –ел тарихын білуге баулу.* | *Күй күмбірі – туған жерге сүйіспеншілікке үйрету.* |
| | *Балаларды  қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.* | *Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу.* | *Балаларды ата-анадан қабылдау барысында ден -саулығына назар аудару* |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | *Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.* | | | |
| | ***Әңгіме:*** *Дұрыс тамақтану – баланың өсуі мен дамуының негізгі шарты. Жақсы тамақтанған бала сергек әрі көңілді болады.*<br>***Кеңес:*** *Балаңызға жеміс-жидек пен көкөністі көбірек жеуді үйретіңіз.* | ***Әңгіме:*** *Таңғы қабылдау кезінде баланың көңіл-күйін, денсаулығын бақылау – тәрбиешінің жұмысы, ал ата-ананың міндеті – қажетті мәліметті айту.*<br>***Кеңес:*** *Балаңызға өз жағдайын айтуға (қал-жағдайын, көңіл-күйін білдіруге) үйретіңіз.* | ***Әңгіме:*** *Тазалық шаралары – баланың денсаулығын сақтайды, оның мәдениетін қалыптастырады.*<br>***Кеңес:*** *Балаңызға қолын жуған соң сүлгімен сүрту, киімін таза ұстауды үйретіңіз.* | ***Әңгіме:*** *Демалыс күндері тазалық шараларын сақтау – маңызды. Шаш пен тырнақтың тазалығы да тәрбие белгісі.*<br>***Кеңес:*** *Балаңызға шашын, тырнағын таза ұстауды және уақытылы қидырып отыруды үйретіңіз.* |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | ***Саусақ жаттығуы:***<br>*Бас бармағым – әкем,*<br>*Балаң үйрек – анам,*<br>*Ортан терек – ағам,*<br>*Шылдыр шүмек – апам*<br>*Титтей бөбек – мен* | ***Саусақ ойынына арналған өлеңдер***<br>*Бала, бала, балақан,*<br>*Қане, қайсы алақан?.*<br>*Саусақтарың әйбат,*<br>*Былай, былай ойнат. қозғалтады.*<br>*(қимылмен)* | ***Саусақ жаттығуы:***<br>*Алақан –ау алақан*<br>*Ойын ойнап балақан*<br>*Саусақтарды саралап*<br>*Қол соғайық алақан* | *Біз балдырған баламыз,*<br>*Құстай қанат қағамыз.*<br>*Дүниені аралап,*<br>*Оқып білім аламыз.*<br>*Көзді салып қараңыз,*<br>*Былай қанат қағамыз.  (Б.Бөрібаев)* |
| Ертеңгілік жаттығу | *Қазан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қазан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қазан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қазан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | |
| Таңғы ас | *Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту* | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.* | *Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.*<br>*Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | *Таңғы асқа отыру.*<br>*Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.*<br>*Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.* | *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | ***«Қамқор» жобасы***<br>***Ойын: «Сыйлық берейік»***<br>*Балалар қолындағы ойыншықты қасындағы досына беріп: «Саған!» – дейді.*<br>*Мағынасы: достыққа, бөлісуге тәрбиелеу.* | ***«Шабыт» жобасы***<br>***Ойын: «Қимылды жалғастыр»***<br>*Тәрбиеші қимыл жасайды (алақанын шапалақтайды). Балалар қайталайды және өз қимылын қосады.*<br>*Мағынасы: ойлап табуға, шабытқа жетелеу.* | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы***<br>***Ойын: «Үй жинаймыз»***<br>*Тәрбиеші ойыншықтарды шашып қояды. Балалар жинайды.*<br>*Мағынасы: еңбекке баулу.* | ***«Смарт бала» жобасы***<br>***Ойын: «Суреттен тап»***<br>*Тәрбиеші сурет көрсетеді: «Бұл не?», «Ол қайда тұрады?»*<br>*Балалар: «Бұл – қоян, ол інде тұрады».*<br>*Мағынасы: ойлау, байланыстырып сөйлеу.* |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | *«Қамқор» жобасы аясында «Біз табиғат қорғаушылармыз!» - экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында кіріктірілген ұіә.* | | | |
| | ***Тыныштық сәті: (Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау)***<br>*Тәрбиеші: Балалар не естідіңдер?*<br>*-Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? - жаңбыр, найзағай, жел,жапырақтардың сыбдыры т.б*<br>*-Дұрыс айтасыңдар. Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады.*<br>*Осы естіген дыбыстарыңды, яғни табиғат құбылыстарын құмның бетіне түсіріп көрейікші.*<br>*Құммен сурет салу ережесін түсіндіру.*<br>*құмды шашпаймыз, төкпейміз, азымызға салмаймыз.*<br>***Құммен сурет. Бұлт, жапырақтар, жаңбыр тамшысыт.б***<br>***Тақпақ: Табиғат***<br>*Табиғат біздің анамыз,*<br>*Жер–Ана біздің панамыз.* | ***Менің сүйікті бұрышым.***<br>***Саусақтарым тұрыңдар***<br>***Алма баққа барыңдар***<br>***Тәтті –тәтті алманы***<br>***Себеттерге салыңдар.***<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар алма қандай болады?*<br>*Домалақ*<br>*Ол қайда өседі? Ағашта*<br>*Алма туралы қызық ертегі тыңдаймыз ба?*<br>*Баяғыда орманда алма ағашы бар еді, онда жалғыз алма тұр екен.*<br>*Осы кезде қоян орман арқылы жүгіріп өтіп, алманы көреді.*<br>***Қоян нені көрді?***<br>*Бірақ оны қалай алуға болады деп ойланды?*<br>*Алма жоғары ілулі тұр.*<br>***Алма қайда тұрды?***<br>*Ол алманы алғысы келіп секірді?*<br>*Қоян не істеді? Секірді*<br>***Қане қоян сияқты секірейік***<br>*Қарқ,қарқ деген дауыс шықты.* | ***Қызығушылықты ояту***<br>***Аудио дыбыс телефоннан.***<br>*Құрметті балалар мен сендерді өз Орманыма, орман* ***патшалығына*** *қонаққа шақырамын.*<br>*Орман* ***патшалығы****өте бай,сұлу, мейірімді және жылулық береді.*<br>*Менің сиқырлы, дана орманым*<br>*Ертегілер мен ғажайыптарға толы!*<br>*Сендерді күтемін.!*<br>*Балалар, сендерге ертегілер мен ғажайыптар ұнай ма? (Иә.)*<br>*Менімен бірге ертегі орманына барғыларың келе ме? (Иә.)*<br>*Олай болса, пойыз билеттерін алу керек, ол үшін билеттердің сұрақтарына жауап береміз*<br>*- егер сендер орман достары болсаңдар, орманда не істеуге болмайды?*<br>***Балалар схема бойынша ережелерді атайды.***<br>*-Ағаш бұтақтарын сындырмаймыз* | ***Қызығушылықты ояту***<br>*Балалар, ол бізге қонақ келді. Кім табады?(жұмсақ ойыншық)*<br>***Өзі қу,жүрген жері шу.***<br>***Балалар: Түлкі..***<br>*Дұрыс .Бүгін бізге түлкі қонаққа келді.*<br>*Түлкі: сәлем, балалар: қыздар мен ұлдар. Мен орманда тұрамын, орманда көп жүремін. Орман ағаштарымен әдемі.*<br>*Сендер ағаштар туралы не білесіңдер.*<br>*Мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр*<br>*Сендер ағашқа не бере аласыңдар білесіңдер ме?*<br>***Дид ойын: «Ағашқа не керек?»***<br>*Шарты. Мен суреттерді ұсынамын (күн, құстар, тамшы, жер, тұқымдар, т.б.).*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***1-топ:****-Мен ағашқа күнді беремін. Ол жарқырайды, бізді жылытады* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Таза болсатабиғат<br>Біз де аман боламыз.<br>**Ой қозғау.**<br>«Неге біз орманмен доспыз?<br>Ал бұл адамдарға не үшін қажет?<br>Орман ережелерін білеміз бе?<br>**Ереже**<br>Бұтақтарды сындырмаңыз және ағаш қабығын зақымдамаңыз.<br>Орманда қоқыс қалдырмаңыз.<br>Құстардың ұяларын бұзбаңыз.<br>Құмырсқа илеулерін жоймаңыз.<br>- Гүлдерді қолдарыңызбен сындырмаңыз<br>**Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»**<br>**Тәжірибе № 1**<br>Тәжірибе жасап көрейік, ағаш суға батады ма , жоқ па ? Біз үлкенді-кішілі 2 таяқшаны алып, суға саламыз.<br>Балалар ағаш заттарды алып, бассейндерге су құйып, тәжірибе жасайды.<br>Тәрбиеші : Не байқап тұрсыңдар? Олар суға батады ма, жоқ па?<br>Балалар: жоқ.<br>(Тәжірибе жасап, балалар қорытынды жасайды: ағаш суға батпайды)<br>Балалар, біз ағаштың қандай қасиетімен таныстық?<br>Балалар: Ағаш суға батпайды.<br>Иә, балалар, ағаш суға батпайды, сондықтан адамдар ағаштан суда қайық, кеме, көлік жасайды.<br>**Тосын сәт.**<br>Стол астынан конверт тауып алу.<br>Тамашалу. Конвертті ашу.<br>Ішіннен кеме суретері шығады.<br>Балалар мына кеме суреттерін | Қоян қарайды<br>Бұл не екен? Қарға<br>Қане қарға сияқты қарқылдайықшы. Қарқ, қарқ<br>- Қарға шыршаның үстінде отырып қоянға күледі.<br>**Қарға не істеді? күледі.**<br>- Әй Қарға! Неге күлесің деп қоян айғайлады.<br>Сен онанда маған ағаштағы алма алып берші деді.<br>**Қоян не деді қарғаға?**<br>Қарға шыршадан алма ағашына ұшып барды.<br>**Қарға не істеді?**<br>Қане қарға құсап ұшайықшы.<br>Қарға алманы жұлды.<br>Бірақ ол тұмсығымен ұстай алмады, алма жерге түсіп кетті.<br>**Алма неге түсіп кетті?**<br>- Рахмет, Қарға! - деді Қоян Қоян алманы алмақ болды, бірақ ол тірі нәрсе сияқты жүгірді.<br>Қоян қорқып кетті, содан кейін ол түсінді:<br>Алма алама ағашының астында ұйықтап жатқан Кірпінің үстіне түскен.<br>Кірпі орнынан тұрып, жүгіре жөнелді, ал алма кірпінің тікендеріне жабысып қалды.<br>**Қане кірпі құсап жүгірейікші.**<br>**- Тоқта, тоқта! - деп айғайлайды Қоян.**<br>**Қоян не деді кірпіге?**<br>**Қане қоян сияқты айтайық.**<br>Менің алмамды қайда апардың?<br>Кірпі тоқтады да:<br>- Бұл менің алмам. Ол түсіп кетті, мен оны ұстап алдым.<br>Қоян кірпіге қарай секіріп келді: | -Біз гүлдерді жұлмаймыз, бірақ оларға сүйсінеміз.<br>-Біз бейтаныс жидектер мен саңырауқұлақтарды термейміз және оларды тамырымен жұлмаймыз.<br>Біз шу шығара алмаймыз, жануарларды ренжіп қалады.<br><br>Біз орманға пойызбен барамыз.<br>Поезды дұрыс жөндеп алайық<br>Дид ойын: «Поезд»<br>Шарты: Геометриялық пішіндерден үлкен көлемде поезд құрастыру.<br>Сұрақ-жауап: Қандай пішіндерден поезд құрастырдық?<br>Түстері қандай?<br>Вагондардағы орынымызға отырамыз.<br>Балалар. Ш-Ш-Ш-Ш<br>Біздің пойыз шалғындарды аралап келеді, міне алдымыздан жасыл орман көрінді.(АҚТ технол)<br>Біз **Орман станциясына** келдік !<br>Вагондардан түсейік!<br>Енді жолмен жүреміз<br>Біз тар жолмен келе жатырмыз ,төбешіктердің арасында жылан сияқты жүріп , ағаштың үстінен секіре отырып, біз **орман үйіне** , сиқырлы дана орманға келдік!<br>Балалар мына жалтыраған алтын тәрізді қорап жатыр. Ішінде не бар екен қарайық.<br>Балаларға тапсырма диді.<br>**1-тапсырма:** Менің патшалығымның негізгі тұрғындарын атаңдар<br>**Ал бұл тұрғындарды қалай атаймыз ?( Ағаштар .)** | және жапырақтары жасылға айналады.<br>Ағашқа күнді жапсыру.<br>**2-топ:** Мен ағашқа құс беремін. Ол ағашты құрттардан тазалайды, ән салады.құстарды ермексаздан жасап ағашқа жапсыру.<br>**3-топ:**Мен ағашқа бір тамшы су беремін. Ол ішіп, жапырақтары жайқалып үлкен болып өседі. Суды бояп, ағашқа жапсыру.<br>**4-топ:** Мен ағашқа жер – топырақ беремін, ағаш жақсы өссін, ол тамақтан-сын деп.Топырақтың суретін құрастырып ағаш түбіне қою.<br><br>Біз бәріміз тұқым береміз. Олар көп болсын, өссін деп.<br>Тұқымды ағаш түбіне ермексаздан жасап жапсырады.<br>Түлкі керемет балалар сендер ағашқа қамқорлық жасауды біледі екенсіңдер.<br>Тағы бір ойын ойнайық.<br>**Дид ойын: «Иә немесе Жоқ»**<br>1. Күзде ағаштар гүлдей ме? (Жоқ).<br>2. Күнді бұлт жауып тұра ма? (Иә).<br>3. Жәндіктер өздеріне ұя салады ма? (Жоқ).<br>4. Жануарлар оңтүстікке ұшады ма? (Жануарлар ұшпайды).<br>5. Қыста егін жинай ма? (Жоқ, егін күзде жиналады)<br>6. Күн нұрын шаша ма? (Иә).<br>7. Жануарлар күнге күйе ме? (Жоқ, олар жай ғана жылынып жатыр)<br>**Түлкі: Ал енді мен сендерді «Жел** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | әсемдеу керек сияқты, не істеуге болады. Бояу керек сияқты.**Кемені бояу**<br>**Тәжірибе № 2**<br>Тәрбиеші : Ал енді келесі тәжірибе. Менде 2 стақан бар, ағаш пен әйнектен жасалған. Енді мен оларға доптар саламын. Әйнек стаканнан доп көріне ме? Ал ағаш стаканнан ше?<br>Қортынды: Ағаш қалың болғандықтан ондағы зат көрінбейді. Әйнек мөлдір онан бәрі көрінеді. Бұл ағаштың тағы бір қасиеті .<br>**Мына доптардың пішіні қандай? Түсі қандай?**<br>Ендеше екі топқа бөлініп, екі допты мүсіндейміз.<br>Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру.<br>Тәрбиеші : Балалар, шаршадыңдар ма? Біраз демалып алайық.<br>Аулада қарағай бар<br>Ол аспанға қол созады. (аяқ ұшымен тұру)<br>Оның жанында терек өсті,<br>(қолдарын жоғары көтереді)<br>Жел қатты соғып тұрды<br>Барлық ағаштар қозғалып кетті. (алға-артқа еңкейуі.)<br>Бұтақтары алға-артқа иіледі<br>Жел оларды тербетеді,<br>(қолдар бастан жоғары бұлғау)<br>Жел тынды, ағаштар демалды.<br>**Дид ойын: «Ағаш бөліктерін тап»**<br>**Шарт:** Ағаш бөліктерін ретімен құрастыру.<br>Неліктен ағаштарға тамыр керек? (тамақ үшін)<br>Ағаштарды тірі деп айта аласыз | Менің алмамды бер! Мен тапқан оны деді!<br>**Қарға оларға қарай ұшып келді де:** «Босқа дауласып жатырсыңдар», «бұл менің алмам, мен оны өзім үшін жұлып алдым» деді.<br>Ешкім бір-бірімен келісе алмайды, бәрі айқайлайды:<br>- Менің алмам!менің алмам деп, орманда айқай шу болады.<br>**Қарға Кірпінің мұрнын шұқыды, Кірпі қоянға инесін қадады, ал қоян қарғаны аяғымен тепті.**<br>**Кенет аю келді қорбаңдап.**<br>**Не келді ?**<br>**Аю қандай?**<br>**Үлкен бе кішкентай ма?**<br>**Аю қалай жүреді? Жүру.**<br>**- Не болды? Бұл не шу деді аю.**<br>Бәрі аюға сіз ормандағы ең үлкен, ең ақылдысыз. Мына алма кімдікі болу керек соны айтыңыз деді.<br>Олар аюға барлығын болған күйінде айтып берді.<br>Аю ойланып, ойланып, құлағының артын тырнап, сұрады:<br>Алманы кім тапты?<br>- Мен! - деді Қоян.<br>-Алманы кім жұлды?<br>Мен -деді – Қарға<br>- Жақсы. Оны кім ұстады?<br>-Мен ұстадым! – деп шырылдады Кірпі.<br>- Міне, - деп ойлады Аю, - сондықтан әрқайсысың алма аласыңдар деді.<br>Бірақ бір ғана алма бар ғой ! – деді Кірпі, Қоян, Қарға.<br>**Аю не деді оларға?**<br>**Олар не деді аюға?**<br>**Алма нешеу еді?** | **2-тапсырма:** Менің патшалығым қалай аталады ?**(Орман.)**<br>Балалар шаршаған шығарсыңдар? Орман алқабына отырып , **орманның** әуенін тыңдайық.<br>Орман дыбыстарыестіледі (құстардың сайрауы, жапырақтың дыбысы, сайдың шуы, жануарлардың дауысы) .<br>**Ой дамыту.**<br>**Ағаштар туралы әңгіме**(көрнекі үлгілерді пайдалану) .<br>**Менің патшалығым - орман , онда ағаштар көп .**<br>**Ағаш дегеніміз не ?**<br>(Ағаш - ең үлкен өсімдік.<br>**Оның бөліктерін ата.**<br>(Тамыры, діңі, бұтақтары мен жапырақтары)<br>**Қалай ойлайсың , ағаш тірі ме?**(Иә.) Неге?<br>(Ол өседі, тыныс алады)<br>**Дид ойын:«Ретімен жаса»**<br>Үстелде **ағаш бөліктерінің** (тамыр, бұтақ, дің, жапырақтар, ) аралас графикалық үлгілері бар .<br>**Ағаштың құрылысының ретін жапсыру.**Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру, көрсету. (біріншіден тамыр шығады, ол жерде орналасады, діңі тамырдан кетеді, діңнен бұтақтар шығады, бұтақтарда жапырақтар өседі, бұтақтар мен жапырақтар **ағаш тәжін құрайды** ).<br>**Ой қозғау.**<br>Балалар, орман нелердің үйі?<br>Жануарлар мен құстардың.<br>**Орманда қандай жануарлар тіршілік етеді?**<br>Мына ағаш шұңқырында қандай | **мен жапырақтар» ойынын ойнауға шақырғым келеді.** Сендер жапырақтар боласыңдар, ал мен самалжел боламын. Самал жел соғады, мен **Жел ұйықтап қалды** десем, жапырақтар жерге (еденге) түседі. Сендер отырасыңдар.<br>**Қим ойын: «Жел мен жапырақтар»**<br>Сап-сары жапырақтар.<br>Бұл күзгі жапырақтар.<br><br>Бұтақтарда отырады<br>Кенет жел соқты,жел соқты олар ұшып кетті.<br>Түлкі жарайсыңдар балалар бүгінгі күн өте қызықты болды. Менің қайтатын уақытым болды.<br>Түлкі, осындай қызықты ойындарың үшін рахмет. Балалар жақсы демалды.<br>Балалар саған арнап тақпақ айтып берсін<br>**Түлкі айтты. Түлкімін**<br>**Тұнып тұрған күлкімін**<br>**Бұлаң - бұлаң, құйрығым**<br>**Текке өтпейді бір күнім.**<br>Түлкі Балалар, сендер қандай жақсы балаларсыңдар . Рақмет сендерге<br>Қортынды<br>Сұрақ-жауап<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *ба? Иә, өйткені ағаштар өседі, қоректенеді, тыныс алады, көбейеді - бұл олардың тірі екенін білдіреді. Оларды қорғау керек.*<br>***Ал егер ағаштар мен гүлдер сөйлей алатын болса, олар бізге мынаны айтар еді:***<br>*«Орман әлемін  сақтаңдар*<br>*Бұтақтарды сындырмаңдар,*<br>*Бізге су құюды ұмытпаңдар,*<br>*Бізді баспаңдар» деп айтар еді.* | *Аю айтты: -  осы алманы тең бөліктерге бөлеміз, әркім өзіне бір бөлікті алсын деді.*<br>*Кірпі алманы алып, төрт бөлікке бөлді. Ол қоянға бір бөлігін  берді:*<br>*- Бұл саған, Қоян, - сен бірінші алманы көрдің деді.*<br>*Ол екінші бөлікті қарғаға берді:*<br>*– Мынау саған, Қарға, – сен алманы жұлдың деді*<br>*Үшінші бөлікті Кірпі аузына салды: Бұл мен үшін, өйткені мен алманы ұстадым деді.*<br>*Төртінші бөлікті аюға берді.*<br>*- Маған неге  керек деді  Аю таң қалып.*<br>*– Бәрімізді татуластырып, ақыл үйреткеніңіз үшін!*<br>*Әркім өз алмасының бір бөлігін жеп, барлығы риза болып аюға рақмет айтты.*<br>***Ал балалар басқа да орман тұрғындарына алма жасап береміз бе?*** *«Алмалар» пластилинімен модельдеу*<br>*-Қараңдаршы, алма ағашы қандай әдемі, бірақ онда  алма мүлде жоқ*<br>*- Ақ дөңгелектердің орнына қызыл алмалар жасайық, сонда барлық орман тұрғындары алмаға тойып алады.*<br>***Массаж шарларымен қолдарға арналған гимнастика «Кірпі»***<br>*Кірпі, кірпі келеді,*<br>*Ол алма мен саңырауқұлақ тереді.*<br>*Кірпі  жүгіріп келеді,*<br>*Кірпі домалайды.*<br>*Кірпі демалады.*<br>*біз кірпіні қытықтаймыз.*<br>*Кірпі жол бойымен қашып кетті,* | *жануар тұрады? (Тиін) .*<br>***Індерде қандай жануарлар тіршілік етеді?*** *(түлкі, тышқан.)*<br>***Орманда қандай құстар мекендейді?****(Тоқылдақ, қараторғай, көкек, үкі.)*<br>*Орман – аңдар мен құстардың мекені ғана емес, жердің жасыл көйлегі. Орманның ауасы әрқашан таза, өте әдемі, дәрілік өсімдіктер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер өседі. Орман – біздің байлығымыз!*<br>***Орман патшалығының*** *барлық тұрғындарына сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсетуіміз керек .*<br>***Балалар, сендер ормандағы серуенімізді естеріңе түсірулерің үшін біз оның суретін саламыз.***<br>*Алдымен қолымызды сурет салуға дайындап алайық.*<br>***Дид  ойын: «Суретшілер»***<br>*Тербеледі ағаштар,*<br>*Алдымен жел еседі.*<br>*Кіп-кішкентай ағаштар,*<br>*Үп-үлкен боп өседі.*<br>*Құстар ұшып жүреді,*<br>*Орман ішін аралап.*<br>*Аю жүреді  қорбаңдап,*<br>*Түлкі жүреді құлаңдап*<br>*Қасқыр жүреді жалаңдап*<br>*Қоян жүреді секіріп*<br>*Біз жай жүрейік демалып.*<br>***Бүгін біз орманның ағаштарын ерекше түрде саламыз.***<br>*Бұл суретке  біздің қолымыз қатысады, қараңыз! Сол қолымызды қағазға қойып, оны қарапайым қарындашпен дөңгелетіп саламыз, саусақтардың ішін бояймыз* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | *допты үстелге, тізеге айналдыруға болады.*<br>***Ой дамыту.***<br>***- Ағашымыздың алмалары дәмді, тәтті, шырынды болу үшін ашық күн керек.***<br>*Ол үшін мына күнді бояп алайық. Трафарет арқылы дайын күнді бояу.*<br>*-Ал күн жарқырап тұруы үшін онымен ойнап, билеу керек.*<br>***«Мен және күн» музыкалық ойыны.***<br>***Аудио дыбыс.***<br>*балалар бірдеңе жүгіріп келетін сияқты, тыңдайықшы.*<br>***Дид ойын: «Кірпі мен себет»***<br>*-Ал міне, кірпі жүгіріп келіп, алма теруге себетті алып келді*<br>*Педагог балаларға кірпі мен себет қиылған стикерлерді таратады, балалар алма мүсіндеген ағаштың астына себеттерді жапсырады.*<br>*Кірпі рақмет айты,*<br>*Кірпімен қоштасу*<br>***Дене тәрбиесі.***<br>***Кіріспе бөлім. Амандасу***<br>*Шеңберге тұру.Шеңбермен жүру*<br>*-Түрлі бағытта шашырап жүру,жүгіру*<br>*- Жай жүріспен жүру*<br>***Негізгі бөлім***<br>***Жалпы даму жаттығулары.***<br>***Текшемен жаттығулар.***<br>***1.Қол мен иық бұлшықеттер-іне арналған жаттығулар.***<br>*1. Текшелерді жоғары көтеріп, бір-біріне соғу.Б. қ. келу.*<br>*2. Қос қолдағы текшелермен оңға, солға иілу.*<br>*3. Қолдағы текшелерді алға созып* | *Балалар бұл ағашқа бірдеңе жетіспейді. Ол не деп ойлайсыңдар?(Жапырақтары.)*<br>***Ендеше ағаштарымызға күзгі жапырақ саламыз ба ?***<br>*Мақта таяқшасы арқылы сары жапырақтар салу.*<br>*Қандай әдемі! Қандай тамаша*<br>***Мен сендердің бұл суреттеріңді орман тұрғындарына беремін,***<br>*Барлығыңызға балабақшаға қайтатын кез келді! Қош бол, Орман патшалығы деп тақпақ айтып берейік*<br>***От та, суда, ауа да***<br>***Жан-жануар барлығы***<br>***Орман теңіз тауларда***<br>***Табиғаттың байлығы***<br>*Поездға отырып бақшамызға барамыз.*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.***<br>***Дене тәрбиесі.***<br>***Кіріспе бөлім. Амандасу.***<br>*Ал, балалар тұрайық*<br>*Шапалақты ұрайық*<br>*Допқа қарай жүрейік,*<br>*Допты мысық ұрлапты*<br>*Жүгірейік қуайық топ-топ-топ*<br>*Допты алайық көп-көп-көп*<br>***Негізгі бөлім***<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***Доппен***<br>*1.Екі қолмен допты ұстап,алға созу.*<br>*2.Б.Қ.Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру.*<br>*3.Б.Қ отыру.Допты қос қолмен ұстап,аяққа тигізу.*<br>*4.Б.Қ.Допты ұстап секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | *отырып, тұру.Б. қ. келу*<br>*4. Аяқ бірге, текшелерді кеудеде ұстау, қос аяқпен секіру*<br>***Тыныс алу жаттығуы:***<br>***«****Текшелерді үрлеу»*<br>*Шеңбер бойы жүру /текшелерді себетке салу/. Маршпен жүру.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.***<br>*Екі жіп арасынан түзу жүру*<br>***Қимылды ойын: Картотека №13 «Қоңырау қайдан естіледі?»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады.*<br>*Қортынды.* | *Шеңбер бойымен тұрып араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Шеңбер бойы маршпен жүру./допты себетке салу/*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.***<br>***«Допты екі қолмен лақтыру».***<br>***Қимылды ойын: Картотека №10 «Ұшатын құстар»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыра білуге үйрету және қырағылыққа тәрбиелеу, құстар сияқты ұша білу қабілеттерін бақылау, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдай білуге үйрету.* | |
| Серуенге дайындық | *Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.*<br>*Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* |
| Серуен | ***Картотека №5***<br>*Құстарға бақылау жасау* | ***Картотека №6***<br>*Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау* | ***Картотека № 7***<br>*Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау* | ***Картотека № 9***<br>*Қоңыр күзді бақылау, салыстыру* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Күз серуен картотекасынан*** | | | |
| Серуеннен оралу | *«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.* | | | |
| | *Балаларға реттіліктпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.* | *Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу* | *Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту* | *Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру. жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.* |
| Түскі ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну* | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.* | *Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.* | *Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.* | *Тамақт ан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.* |
| Күндізгі ұйқы | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.* | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.* | *Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | *Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.* |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | ***№14. 1.Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | ***№16 1.Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар* | ***№15. 1.Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.*<br>*Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап,*<br>*Бір демалып алайық.* | ***№13. 1.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,*<br>*Жаттығуды жасайық.* |
| | *Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.*<br>*«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.*<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | |
| Бесін ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.* | | | |
| | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.* | *Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.* | *Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.* | *Аста столда дұрыс отыру, досатрына кедергі жасамауТамақт ан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.* |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | ***Дид ойын: «Орманда»***<br>*Шарты: Балалар фондық суретке кішкентай түсті силуэт бейнелерін орналастырады.*<br><br>***Жүргізілу барысы:*** *Алдарыңызда орман салынған сурет. Мына әдемі суретті толықтырайық.* | ***Дид ойын: «Ормандағы құрылыс»***<br>*Шарты: - Геометриялық фигураларды орындарына орналастыр. Тар жолды, кең жолды көрсет. Шеңбер, сопақ және үшбұрыш қандай түсті? Жасыл түс. Шаршы мен төртбұрыштың түсі қандай? Қоңыр түс.*<br><br>*Кең жолда қандай пішін тұр?* | ***Дид ойын: «Не артық?»***<br>*Шарты: Суретке мұқият қарап, ондағы артық не бар екенін айт? (Қосымша саңырауқұлақ, өйткені қалғандары ағаштар)*<br><br>***Қимылды ойын: Менің зымыраған көңілді добым.***<br>*Ойнаушы балалар тобы (5-6 адам) жартылай дөңгелек құрып, тәрбиешінің жанында тұрады.* | ***Дид ойын: «Тиіндер»***<br>*Шарты: Әр тиінге өз шұңқырын табуға көмектес. Тиінді тамақтандыр. Әрбір тиіннің өлшеміне сәйкес қуыс пен желекті таңдаңыз.*<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Ең биік ағашқа құс отырсын. Ал аласа ағаштың астында саңырауқұлақ өседі.*<br>*Ал діңгектің айналасында үш гүл жайқалған. Ағашта жапырақтар өсті. Аспанда күн нұрын шашады. Аспанда бұлт.Көлдің жанында бақа отыр, көлде үйрек жүзіп жүр.*<br><br>*Экологиялық мәдениетті қалыптастыру негізінде* | *Екі жолдың ортасында қандай пішін тұр?*<br>*Тар жолда қандай пішіндер тұр?*<br><br>*Экологиялық мәдениетті қалыптастыру негізінде* | *Допты бейнелейтін бір бала орнында тұрып секіреді, ал тәрбиеші алақанын оның басына қойып, мынадай өлең айтады.*<br>***Көңілді добым, о , менің,***<br>***Домалап қайда жөнелдің?***<br>***Қызыл, сары, көгілдір,***<br>***Жел аяқсың-ау өзің бір!*** | |
| Балалармен жеке жұмыс | ***Амирхан мен Ахат***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Шарты: Пішіндердің ішінен тік төртбұрышты табу.* | ***Мұса***<br>***Дид ойын:«Қандай пішін шықты»***<br>***Мақсаты:*** *Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.* | ***Көзайым мен Аяна***<br>***Дид ойын: «Зат неге ұқсайды»***<br>*Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы біледі. айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата алады.* | ***Ахат***<br>***Дид ойын: «Бөлігін тап»***<br>*Шарты: Қиылған бөлшектерден белгілі бір құстың суретін құрастыру* |
| | *«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.*<br>*Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* |
| Серуен | ***Картотека №5***<br>*Құстарға бақылау жасау* | ***Картотека №6***<br>*Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау* | ***Картотека № 7***<br>*Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау* | ***Картотека № 9***<br>*Қоңыр күзді бақылау, салыстыру* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.* | | | |
| | *Бүгін балалар құрастыру ойындарымен ойнады.*<br>*Пішіндерді сәйкестендіріп, зейінін шоғырландырды.*<br>*Үйде кубиктерден немесе конструктордан қарапайым заттар құрастыру пайдалы.* | *Бүгін балалар табиғат туралы әңгіме тыңдап, суреттерді қарады.*<br>*Қоршаған ортаға қызығушылық білдірді.*<br>*Үйде серуенде өсімдіктерді, құстарды көрсетіп, атауларын қайталаңыз.* | *Бүгін балалар ермексаздан әртүрлі пішіндер жасады.*<br>*Ұсақ моторикасын дамытып, қиялын іске қосты.*<br>*Үйде ермексазбен немесе қамырмен ойнауға жағдай жасаңыз.* | *Бүгін балалар қуыршақ театрын ойнады.*<br>*Әртүрлі рөлге еніп, қиялдарын дамытты.*<br>*Үйде қарапайым қуыршақтармен шағын сахна құру қызықты болады.* |